

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Tamos Educations-тің басты ойларының бірі болып табылады, мұнда оқушылар өздерін еркін сезініп, оқуға және өз әлеуетін толық ашуға қабілетті қауіпсіз, қолайлы және жайлы орта құруға қатысты.

TAMOS Education еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы саясатындағы нұсқауларды TAMOS кампусына кіретін әрбір қызметкер, оқушылар, ата-аналар, еріктілер және кез келген мүдделі тараптар тұрақты түрде сақтауы тиіс. Бұл нұсқауларды сақтамау тәртіптік немесе заңды рәсімдерге әкелуі мүмкін.

Денсаулық және қауіпсіздік негіздері

Бақылау

- Міндетті түрде жауапты тұлға тағайындалады.
- Бұл тұлға жұмысты қадағалау мен туындауы мүмкін мәселелерді шешуде кілтке айналады.
- Ол тиісті өкілеттігі бар жоғары қызметтегі адам болуы шарт.

Қауымдасу

- Барлық қатысушылар жұмыс барысын тиісті деңгейде ұйымдастыруы керек.
- Жұмыс алдында өз міндеттерін үйлестіріп алуы керек.
- Жұмыс толық түрде қаралады. Бір-бірінің жұмысына кері әсерін тигізбес үшін өзге қызметкерлермен қауымдасу өте маңызды.

Құзыреттілік

- Өз мүмкіндігіңізден жоғары жұмысты алмауға тырысыңыз. Сізге дұрыс білім мен тәжірибе қажет.
- Сіз өз жұмысыңызға қатысты барлық қатерлерді және оның алдын алу жолдарын білуіңіз керек.
- Сіз міндетті түрде қажет болған жағдайда мәлімет пен кеңес сұрасаңыз.

Алты негізгі қадамдар

- 1) **Кім жауапты болатынын тексеріңіз.** Еер жауапты тұлға сіз болсаңыз, 2-7 пункттер бойынша жауапкершілік сізге жүктелуі мүмкін.
- 2) **Өз құзыреттілігіңізді дәлелдеңіз,** білетініңізге және істей алатыныңызға көз жеткізіңіз. Оған қоса, сізге қызмет ететіндердің барлығы өз қызметтерін білуы шарт. Керегінше, қосымша мәлімет пен кеңес алып, дайындық жүргізіңіз.
- 3) **Өз қауіп-қатеріңізді бағалаңыз.** Қауіпті бағалау маңызды қадам болып табылады. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ететін қызметтің кез-келген қызметкері сияқты пайдалы ақпараттары бар адамдардан кеңес алыңыз.
- 4) **Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету жоспары.** Жобаның жоспарлар құрамына еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету жоспарын енгізу керек. Негізгі міндеттерді кім атқарады? Керегінше, қызметкерлерден ақпарат пен кеңес алыңыз.
- 5) **Мәліметтер беру.** Кім нені білу керек? Еңбекті қорғау шаралары, әсіресе оны атқаратын тұлғаларға тиісінше бәрі түсіндірілді ме? Қауіпсіздік туралы ақпаратқа мұқтаж адам бар ма? Жауапты тұлғалармен бөлісуге тиіс арнайы ақпарат немесе тәжірибе бар ма? Өзіңіз сенімсіздікпен қараған бірнәрсе бар ма? Қауіпсіздікке әсер ететін қандай да бір өзгерістер енгізесіз бе?
- 6) **Тағы да ойланыңыз** – бұл саладағы қызмет әрдайым өзгеріске ұшырайды: біреу жұмысқа келмейді, құрылғы істен шығады, ауа-райы өзгереді; Директордың шабыты ашылады. Аталғандардың кейбірі қауіпсіздік шараларына әсер етуі мүмкін. Өзгеріске ұшыраған сайын оның қауіпсіздікке әсерін есепке алып, оны білуі тиіс тұлғаларға жеткізіңіз және жұмыс процессіндегі еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы тағы да ойлаңыз.

Көтергіш жұмыс құрылғысы мен жоғарыға көтерілуге мүмкіндік беретін құрылғы

Сатылар

- Жұмыстың басына дейін зақымдануын **тексеру.** Көлденеңіне қарай 75° бұлтару;
- Бекітудің орнықтылығы мен қаттылығына **көз жеткізіңіз**;
- Негізгі сатыны **әрқашан** бекіту керек. Сатымен көтерілу барысында мүмкіндігінше сатының жоғарғы жағын бекітуге назар аударыңыз;

- Электр қуатын **абайлаңыз**;
- Сатыдан тыс жерге ауысудан **абайлаңыз**;
- Бір сатыда **ешқашан** бірнеше адам көтерілмеуі керек;
- Сатымен заттар **көтеруге болмайды**, көтергішті пайдаланған абзал;
- Қауіпсіз аймақтан тыс **қолыңызды шығармаңыз**.

Құрылғы/жабдықтар/балқыту т.б.

- **Тек** құзыретті адам ғана жұмыс істейді;
- Жақын жерде жұмыс істейтін адамдарды қауіпсіздік техникасы туралы **хабарлау**;
- Қорғаныс киімдерімен, қоршау т.б. құрылғыларын **қолданыңыз**;
- Сол жұмысқа арналған, нұсқаулыққа сәйкес әрі қауіпсіздің техникасына **сай жабдықтармен ғана** жұмыс істеу керек;
- **Жұмыс істейтін жабдықтарды ғана қолдану**, кабельдерді тексеру, т.б. керек.

Қауіпсіздік техникасы. Ауыр заттарды көтеру.

Жыл сайын хабарландыратын көптеген оқыс жағдайлар ауыр заттарды қолымен көтерумен байланысты. Белдің созылуы мен өзгеруі жиі кездесетін жарақаттардың бірі болып саналады. Көп жағдайда аталмыш жарақаттар жұмыста уақытша тоқтатумен, тіпті кейде жұмыстан толығымен босатылуына алып келеді. Көбіне қолымен тасыған ауыр заттардың әсерінен болған жарақаттар жұмыс барысындағы қандай да бір жағдайда еш байланыссыз шоғырланған жарақаттар болып келеді.

Жарақат алу қатерін азайту үшін нормативті актілер мен нұсқаулыққа сәйкес қолымен заттарды тасудың қатерін бағалау керек. Бұл бағалау кезінде төрт фактор есепке алынуы тиіс: міндет, жұмыс мөлшері, жұмыс ортасы және жекелей мүмкіншіліктер.

Жұмыс мөлшері

Қолымен тасу барысындағы көптеген оқыс жағдайларда, көтеру мен тасу немесе өзге де ауыр не үлкен заттармен жұмыс кезінде қарапайым ережелерді сақтап, олардың алдын алуға болады. Әрқашан арбалар мен өзге де көтеру құрылғыларын қолдану керек. Егер бұл қиынырақ болса, онда көмек сұрап, жүкті аударуға тырысу керек, бірақ ешқашан ауыр әрі өте үлкен жүктерді қолымен көтеруге болмайды. Жүкті аудару барысында ешқандай кедергінің жоқтығын қадағалаңыз.

Жүкті көтеру барысында аяғыңыз бен иығыңыздың ұзындығына сай қойып, бір аяғыңызды қозғалатын бағытқа қарай жылжытыңыз. Тізеңізді бүгіп, арқаңызды бос ұстаңыз және жүкті қолмен нық ұстап, аударылатын негізден алшақ тұрыңыз.

Жүкті аяқтың бұлшық еттерінің күші арқылы арқаны тік ұстап, қол денеге тиіп тұрып, көтеру керек. Көтеру кезінде жоғары қараңыз, сонда денеңіз автоматты түрде түзуленеді. Алдыға жылжу барысында жүк денеңізге тиіп тұруы абзал. Бұрылыстарда арқаны бұрмай, тек аяғыңызбен жасаңыз. Иығыңызды тік, әрі тура жамбастың ұзындығына сай, басыңызды тура ұстаңыз. Жерден жоғары көтерілу барысын сатылы түрде жасаңыз; Жоғарыдан ауыр жүкті төмен түсіру кезінде көмекке жүгініңіз. Ешқашан жүкті бір қолмен, қисайып көтермеңіз.

Жүкті түсіру үшін тізеңізді бүгіңіз, арқаңызды түзеңіз және жүкті бар денеңізбен ұстаңыз. Жүктің орнын ауыстыру барысында саусақтарыңызды бақылаңыз. Мүмкіндігінше жүкті өзге орынға итеріңіз, әсіресе жер кішкентай болған жағдайда. Жұмысты аяқтағаннан соң жүктің дұрыс бекітілуін, өзге қызметкерлерге құлап қалмауы мен кедергі келтірмеуін тексеріңіз.

Жүкті итеру мен көтеру кезінде жоғарыда аталған жалпы ережелерді ұстаныңыз, аяқ пен қолдың бұлшық еттері мен дененің салмағының өз жұмысын атқаруға мүмкіндік беріңіз. Арқаңызды тік ұстап, жүкті денеңізге барынша тартып, денеңіздің салмағын дұрыс пайдалану үшін тізеңізді бүгіңіз. Үлкен немесе ауыр заттарды көтеру барысында әрқашан көмек қолын сұраңыз.

Ауыр жүкпен жұмыс кезіндегі жарақат алу қаупін байқаған кезде, жүктің салмағын азайтқан жөн. Мысалы, көтермес бұрын жәшіктің ішіндегілерді босату. Осы іспеттес, жүктерді көтеруге ыңғайлы болу үшін олардың үлкендігін азайтуға болады. Жүкті тиеу мен түсіру барысында, кенеттен жүкті ауыстырудан аулақ болу шарт. Егер жүкті көтеру қауіпті деп тапсаңыз, міндетті түрде көмек сұраңыз.

Қолмен жүктерді көтеру кезінде өткір бұрыштар, тегіс жиектермен және өрескел немесе ыстық/суық беттерді ұстау кезінде жарақаттануды болдырмау үшін қолғап, алжапқыш, комбинезон немесе қауіпсіз аяқ киім сияқты жеке қорғаныс құралдары қажет болуы мүмкін. Жүкті көтермес бұрын сырғанауға алып келетін майлар мен сулардан құрғатып алған жөн.

Жұмыс ортасы

Жаяу жүргіншілер мен басқа да жұмыс алаңдарында жұмыс кезінде жүкті тасу амалдарын жасау үшін, кеңістікті жеткілікті орын болуы керек. Әрқашан еденнің тайғақ болмауын тексеріңіз, әсіресе судың бар болуы мүмкін жерлерде. Тұтас беткейлерде тауарларды қолмен көтеруден мүмкіндігінше аулақ болған жөн. Қызметкерлердің жұмыс орындары барынша жарық болуы шарт.

Жеке мүмкіншіліктері

Қол жүктеріне қатысты жұмыстарды атқармас бұрын денсаулығыңызға қатысты мәселелерді ескергеніңіз жөн. Сонда ғана сіз мұндай жұмыстарды қауіп-қатерсіз орындай аласыз. Қызметкердің денсаулығына зиян келтіріп, жарақат алу мүмкіндігі бар болса, медициналық көмекке жүгінгені абзал. Жүктермен жұмыс істеу адамның жас ерекшелігіне, дене бітіміне және де физикалық жағдайына байланысты екенін ұмытпаңыз! Әр адам өз мүмкіндігін білуі керек және бұрын арқа мен сіңірлерінде жарақаттар немесе аурулар болған жағдайда өте мұқият болуы шарт.

Ауыр заттармен жұмыс жүкті әйелдерге де, ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Қалыпты жүктіліктің соңғы үш айы мен баланы дүниеге әкелгеннен кейінгі үш ай бойы, ауыр жүкпен жұмыс істейтін әйелдерге аса абай болу керек. Жетекші, Директор немесе ұйымның бастығы жүктілік туралы хабарлау керек. Егер ауыр жүкті тасу дені сау қызметкермен қауіп-қатерсіз орындалмаса, оны жарақат алу қатері бар деп есептеген жөн. Егер сіз қолмен жүкті көтеруге тәжірибеңіз бен білгеніңіз жеткіліксіз деп ойласаңыз, ең алдымен жетекшіңізбен немесе кеңесшісімен ақылдасыңыз. Әрдайым есіңізде болсын, арқадағы елеулі жарақат сіздің өмір сүру сапаңызды бір жола өзгертеді.

Биіктікте жұмыс істеу

Білім беру саласындағы көптеген жұмыстар биіктікте атқарылады. Оған театрдағы, сахнадағы, кабинеттердегі және холлдағы сатылардағы жұмыстарды жатқызуға болады.

Биіктіктен құлау ауыр жарақаттар мен өлімге дейін әкеліп соғуы мүмкін. Үш негізгі қауіп-қатер бар:

- құлау;
- құлайтын заттар;
- бұзылып жатқан құрылымдардан құлау.

Биіктіктегі жұмысты бастамас бұрын қауіп-қатерден құтылу мен алдын-алу үшін денсаулық қорғау мен қауіпсіздік техникасына қатысты шараларды анықтап, қауіп-қатерге баға беру керек. Қауіп-қатерді азайту үшін жұмысты қауіпсіз деңгейде атқару керек. Егер мүмкін болса, мыналарды қарастырыңыз:

- қызметкерлердің физикалық жағдайы, мысалы жасы, физикалық формасы, жүктілік, бас айналу және т.б;
- қызмет түрі;
- қолданылатын құрылғылар;
- орналасу орны, мысалы суда немесе судың үстінде, жолда, электрқуаты желісінде, т.б;
- қоршаған ортасы, мысалы ауа-райы, температура, жарықтығы;
- жұмыс ұзақтығы;
- жұмысшылардың жағдайы мен тұрақтылығы.

Құлау

Егер 2 метрдегі жоғары биіктіктен құлау кезінде жарақат алу қаупі болса, мысалы, жұмыс транспорттар қозғалысы бар жерде болса немесе қауіпті жерде жүргізілсе, сәйкесінше қауіпсіздік шараларын қолдану керек.

Адамдардың құлауының алдын алатын 4 әдіс бар:

- қорғайтын кедергілер;
- қауіпсіздік белбеуі;
- жиіктен қауіпсіз қашықтықта ұстау;
- қорғайтын торлар.

Бұны көрсетілген тәртіп бойынша есептеу керек.

Құлайтын заттар

Адамдарға құлауының алдын алу үшін тиісті бақылау жүйесі керек, олар:

- Құрылғының шетінен сырғанап немесе құлап кетуіне жол бермеу үшін борттық тақталар немесе торлары сияқты кедергілерді қамтамасыз етеді.
- Құрылымдағы объектілер мен құрылыс бауларын бекітеді.
- Бос заттардың жоқтығын және барлық құралдардың сенімді бекітілуін қамтамасыз етеді.
- Қажет болған жағдайда, жұмыс алаңдарында сақтау аймағын жасайды.

Егер жоғары жақта адамдар жұмыс істеп жатқан кезде, төмендегі қызметкерлер міндетті түрде қорғаныс каскаларын киюі керек. Қауіпті аймақтарды тиісті белгілермен белгілеу керек, себебі жұмыс барысында қызметкерлер қорғаныс каскаларымен ғана сол аймаққа кіре алады.

Бұзылып жатқан құрылымдардан құлау

Бұл бөлім көбіне ұзақ мерзімді мектеп жобаларын қолдану кезінде уақытша сөрелер мен құрылымдарға қатысты.

Құрылым барлық қауіпсіздік талаптары мен құзыретті қызметкерлермен жобаланады. Құрылым мен оның қолданылуы жоба жасаушының белгілі тәжірибелі, білімді және дағдыларымен қолданылады.

Құзыретті тұлға құрылымды толық қарап, оның аяқталуы мен берілуіне дейін есеп дайындайды. Оған қоса, тұрақты түрде әрдайым, қаһарлы ауа-райынан кейін немесе өзгерістерінен кейін қосымша тексерістер (кем дегенде әр апта сайын) жүргізіп отыру керек.

Құзыреттілік - бұл жағдайдан туындайтын тәуекелдерді айқындау кезінде тиісті біліктілік, білім мен тәжірибе және оларды бақылау үшін қажетті шараларды қолдана білу.

Уақытша жол құрылғылары. Уақытша жол құрылғыларына құрылыс бауларын, құрылыс мұнарасы, сатылары, және жеңіл сатылар жатады. Құрылғыларды қауіпсіз қолдануға қатысты кейбір жалпы ережелерге мыналар кіреді:

- Жабдықты дұрыс орнатып, үнемі тексеріп отыру қажет, әсіресе ол сыртында қолданылса;
- Ақаулы жабдық айқын анықталуы және пайдаланудан шығарылуы керек;
- Қатынас жабдықтарын пайдаланатын қызметкерлер тиісті түрде оқытылып, құзырлы болуы керек.

Қуат сымдарымен немесе қорғалмаған электр жабдығымен байланысу ықтималдығы болса, сатыларды қолданбаңыз.

Жарық беру жүйесімен жұмыс істеуге байланысты қосымша қауіп - заттар мен құралдардың құлауы. Барлық құрылғыларды негізгі құралдарына қосымша дербес сақтандыру желілерімен жабдықтылығы тиіс.

Бөгде заттардың желіге енбейтініне көз жеткізіңіз, мысалы, сәмкелердің қалтасынан, құрал-саймандар мен жабдықтардың сымдарынан және т.б. немесе жұмыс аймағынан төмен қорғаныс аймағын ұйымдастырыңыз, мысалы, қоршаулар арқылы.

Осы жүйенің тиімділігін қамтамасыз ету үшін, электр торабында жұмыс істеу үшін жергілікті жерде ескерту жүйесі болуы қажет болуы мүмкін. Осы саладағы барлық қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы туралы нақты нұсқаулар беріледі.

Кім заңды түрде жауапты?

Жұмыс беруші жұмыс барысында пайда болатын денсаулық пен қауіпсіздікке қауіп-қатерді бақылап, жұмысшыға тиісті жағдай жасайды. Жұмысты ұйымдастыру кезінде жұмысшыны таңдау, оның білімі мен тәжірибесі, қолданатын жабдықтары мен материалдары, жұмысты өткізу орны мен т.б. жағдайлар да назарға алынады. Көбінесе, жұмыс беруші барлық тиісті шаралардың алдын-алғанына көзін жеткізу керек. Жұмыс беруші сондай-ақ, еңбекті қорғауды және орындалатын жұмыстың әсерінен душар болуы мүмкін басқа адамдарды қорғау құралдарын ұсынуы тиіс.

Жұмыс берушілерден басқа, заңды жауапкершілік басқа лауазымдарға байланысты. Штатта жұмыс істемейтін қызметкерлер жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен қауіпсіздігі туралы дербес өздері қамқорлық жасауы керек.

Заңды жауапкершілік жұмыс орындарын басқаратын тұлғаларға да жүктеледі. Басқаруды компания немесе жеке тұлға жүзеге асыра алады, ал «жұмыс орны» терминіне кез-келген жұмыс орны қамтылады. Бұл көшеде, ғимаратта немесе ғимарат бөлігінде болуы мүмкін.

Жұмыста пайдалануға арналған заттардың жеткізушілері белгілі бір міндеттерге ие (дизайнерлер, өндірушілер мен импорттаушылар, сондай-ақ монтаждау немесе құрылыс жұмыстарын орындаушылар). Бұл көптеген қарапайым өнімдер мен заттардың индустриясында дұрыс пайдаланылмаған жағдайда ерекше маңызды. Егер өнімдерді немесе заттарды ерекше тәсілмен пайдалану қажет болса, адамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне ықтимал әсер ету туралы кеңес алу үшін жеткізушілермен немесе өндірушілермен байланысыңыз.

Қызметкерлер өздеріне және өз жұмысына әсер етуі мүмкін басқа адамдарға қамқорлық жасауы керек және жұмыс берушілермен ынтымақтасуға тиіс. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тиісті шараларды қабылдағаннан кейін қызметкерлер өз міндеттемелерін орындайды.

Қауіп-қатерді бағалау

Өндірістегі еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелері

Еңбекті қорғау туралы жауапкершілік пен іс-шаралар келесі Қазақстандық заңнамамен орындалады:

Еңбек қауіпсіздігі саласындағы құқықтық негізді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының негізгі заңы 2007 жылғы 1 маусымнан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2007 жылғы 15 мамыр, № 251III) болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігінің қаулыларына сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі негізгі қосалқы нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданыстағы еңбекті қорғау саласындағы мынадай қосалқы нормативтік актілер жұмыс істейді:



- Тиісті өкілетті органдардың еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін қабылдау ережелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 721 қаулысы.
- Еңбек қорғау туралы ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу ережелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы №720 қаулысы.
- Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі №851 қаулысы.
- Кәсіби қызметтің жекелеген түрлеріне және қауіпті жұмыстарына арналған медициналық, психиатриялық қарсы көрсеткіштердің тізімін бекіту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 маусымдағы № 668 қаулысы.
- Өрт қауіпсіздігі бойынша қызметтер қажет болған жағдайда құрылған ұйымдар мен мекемелердің тізімін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы №239 қаулысы;
- Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары үшін міндетті мерзімдік аттестаттау ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 23 тамыздағы №203 бұйрығы.
- Жұмыс орындарында зиянды (өте зиянды) және ауыр (өте ауыр) қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары бар салалардың, цехтардың, кәсіптердің және лауазымдардың жұмыс уақытын қысқартуға және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысын алуға мүмкіндік береді.
- Жұмыс берушінің есебінен қызметкерлерге сүтті және профилактикалық азық-түлікті беру ережелері. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі бұйрығы.
- Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалану, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауырлық күшінің көтерілуіне және қозғалысына шектеу қойылған жұмыс орындарының тізімін бекітуге тыйым салынады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі №185 бұйрығы.
- Әйелдер жұмысын пайдалануға тыйым салатын жұмыс орындарының тізбесі, сондай-ақ әйелдердің ауыр көтеру және қолмен көтеру лимиттері. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі №186 бұйрығы.
- Жұмыс берушінің қаражаты есебінен арнайы киіммен жеке және ұжымдық қорғаныс, санитарлық-тұрмыстық құралдар мен құрылғылардың басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету қағидалары. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі № 184 бұйрығы.
- Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты қызметкерлердің білімдерін үйрету, нұсқау беру және тестілеу ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 205 бұйрығы.
- Ұйымдағы денсаулық сақтау және қауіпсіздік қызметі туралы ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 22 тамыздағы №200 бұйрығы.
- Жұмыстағы жазатайым оқиғалар туралы статистикалық және есептіліктің нысаны. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы №60 бұйрығы.
- Жұмыс берушінің еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарын әзірлеу және бекіту ережесі. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 16 шілдедегі №157 бұйрығы.
- Мамандандырылған ұйымдардың тізімін жүргізу және нұсқаулықты бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы №61 бұйрығы.
- Зиянды және қолайсыз өндірістік факторларға ұшыраған қызметкерлердің міндетті түрде алдын-ала және мерзімді медициналық тексеруден өткізу тәртібі және кәсіптік жарамдылығын анықтау. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Білім және спорт министрлігінің денсаулық сақтау комитетінің 1999 жылғы 24 мамырдағы №278 бұйрығы.

- Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторларға ұшыраған қызметкерлердің алдын-ала және мерзімді медициналық тексеруден өтуі немесе нұсқауларды міндетті түрде қауіпті факторлар мен кәсіптер тізімін бекіту туралы жарғысы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 12 наурыздағы №243 бұйрығы.

Қазіргі уақытта тәуекелдерді бағалау біздің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы көптеген заңдарымыз үшін негіз болып табылады.

Қолмен жұмыс істеу, денсаулыққа қауіпті заттармен жұмыс істеу және экранды көрсету жабдықтарымен жұмыс істеу сияқты нақты қауіптерді қамтитын ережелер бар. Сізге осы және басқалар туралы білу қажет болуы мүмкін.

Тәуекелдерді дұрыс бағаламау мектептің құдалауына әкелуі мүмкін.

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

Reviewed: July 2022

Рассмотрен: июль 2022

Қайта қаралды: 2022 жылдың шілде айы

To be reviewed: July 2025

Подлежит рассмотрению: июль 2025

Қайта қарау: 2025 жылдың шілде айы

